• **Мәдениет ошақтарында**

Аймақтық энциклопедия - облыс өміріндегі елеулі оқиға

Н.Гоголь атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында қазыналы облысымыздың 70 жылдық мерейтойының салтанаты қарсаңында Елбасының арнайы тапсырмасы бойынша «Атамұра» баспасынан 5 мың дана таралыммен тамыз айында жарыққа шыққан «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясының тұсаукесер рәсімі болып өтті. Ел мен жер болып табылатын аймақтық энциклопедияны жергілікті ғалымдар мен журналистерден жасақталған жұмыс тобы барынша қысқа мерзімде дайындап шығарды. Кітапқа қазыналы өлкенің табиғаты мен табиғи қорларын, тарихын, экономикасы мен әлеуметтік салаларын, әдебиеті мен өнерін қамтыған очерктер және екі жарым мыңнан астам алфавиттік мақалалар енген.

Энциклопедияның жарыққа шығуына көп еңбек сіңірген журналист, облыс әкімдігі жұмыс тобының жетекшісі «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары Жанғожин Аман кітаптың шығу тарихы, оның құрылымы туралы қызықты әңгіме айтты. Аман Жағдаұлы бұдан 20 жыл бұрын шыққан облыс энциклопедиясын құрастырушылардың бірі екен. Сол кітаптың 1990 жылғы қазақша басылымын да шығаруға қатысқан. Журналист өз әңгімесінде жаңа кітап бұрынғыларды қайталау емес екендігін, қайта заман талабына сай, ұлттық рухта жазылғандығын, оған жергілікті ғалымдар мен өлкетанушылар, журналистер, тіпті кітапхана қызметкерлерінің үлкен үлес қосқандығын атап өтті. Әсіресе, бұрын ауызға алуға болмайтын арыстарымыз, патшалық Ресей мен кеңестік дәуірде облыс аумағында болған түрлі толқулар мен көтерілістер, халық санасында қалған хандар, батырлар, билер, болыстар, ағартушы, ишандар, т.б. туралы материалдар тұңғыш рет энциклопедиялық басылымға енген. Мұндайда үнемі шетқақпай қалатын ақын-жазушылар, мәдениет қызметкері журналистерге де көңіл бөлінген. Жұмыс тобы бұрынғы материалдарды өңдеп, жаңартып, заман ағымына сай жаңа мәліметтер қосқан. Материалдар арнайы критерий бойынша іріктеліп жергілікті және алматылық мамандардың ғылыми сараптауынан өткізілген.

Энциклопедияның тұсаукесер рәсіміне кітап авторларының бірі Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың археология, этнология және отан тарихы кафедрасының доценті Жауымбаев Сағындық, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Өскембаев Қанат, Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатының кино-фотофоноқұжаттар бөлімінің бастығы Шегенова Бақыт қатысып, кітаптың құрылу жолындағы еңбектері туралы әңгімеледі.

Кітапхананың жаңа технологиялар бөлімі мен интернет секторы Қарағанды облысының құрылғанына 70 жыл толуына орай «Қарағанды облысының шежіресі» атты CD-ROM құрастырды.

Онда Орталық Қазақстан өңірінің табиғаты және табиғи қорлары, халқы, тарихы, экономикасы, білім беру ісі, ғылымы және ғылыми мекемелері, денсаулық сақтау ісі, дене тәрбиесі, спорт және туризм, қала құрылысы мен архитектурасы, мәдениеті, әдебиеті мен өнері жөнінде толық мәтіндері берілген.

CD-ROM бөлімдерінде осы аймақта болып өткен тарихи оқиғалар мен қазақ мемлекеттігіне қатысты тарихи тұлғаларға, аудандар мен қалалардың тарихына, ғалымдарға, арыстарға, мемлекет қайраткерлеріне, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің, әдебиет пен өнердің танымал өкілдеріне жеке толық мәтіндер гиперсілтемелер арқылы көрсетілген және суреттермен безендірілген. Өлкенің тарихы мен табиғаты толық мәтіндер мен қоса аңыз-әңгімелер арқылы сипатталады. CD-ROM-да 200-ге жуық толық мәтіндер енгізілген, бұл мәтіндер 300-ге тарта суретпен толықтырылды.

Бұл CD-ROM көпшілік және мектеп кітапханаларына, мұғалімдерге, студенттерге, оқушыларға, өлкетанушыларға және Қарағанды өлкесін жетік зерттеп білгісі келетін оқырмандарға арналған. Ол туралы жаңа технологиялар бөлімінің меңгерушісі Умбединова Гауһар әңгімеледі. Энциклопедия мен соны негізге алған CD-ROM дискісі облыстың мәдени өміріндегі елеулі оқиға екендігі сөзсіз.

Г.ДОЛЖЕНКО,
кітапхананың өлкетану бөлімінің меңгерушісі.

Орталық Қазақстан.-2006.-14 желтоқсан.-10 б.